KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

KASE

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ | ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ | ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ | БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ | ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ | ШЕТЕЛДІК ВАЛЮТАЛАР НАРЫҒЫ | ӘЛЕМДІК НАРЫҚ



# KASE АПТАЛЫҒЫ

13–17 Қазан, 2025

## KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE 2025 жылдың үшінші тоқсаны мен тоғыз айындағы биржалық нарықтың жұмысын қорытындылады.
- KASE ресми тізіміне "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ XS3204113354, US48129VAG14 (BRKZE22) және XS3204113867, US48129VAF31 (BRKZE23) халықаралық облигациялары, "Банк ЦентрКредит" АҚ KZ2C00015865 (CCBNb38) облигациялары, "аФинанс микроқаржы ұйымы" ЖШС KZ2P00015886 (MFAFb13), "R-Finance "микроқаржы ұйымы" ЖШС облигацияларының үш шығарылымы және "Смартолет Финанс" МҚҰ" ЖШС облигацияларының алты шығарылымы.
- KASE-де "СФК "СМК ФФ-1" ЖШС KZ2P00014632 (SFKFb1), "HAYAT CAPITAL" Ломбарды" ЖШС KZ2P00015266 (MFHCb1), "Лизинг Групп" АҚ KZ2C00008639 (LZGRb3), KZ2C00008647 (LZGRb4), KZ2C00012193 (LZGRb9), KZ2C00012854 (LZGRb10) облигациялармен және iShares China Large-Cap ETF ETF US4642871846 (FXI_KZ) сауда-саттық ашылды.
- "аФинанс Микроқаржы ұйымы" ЖШС KZ2P00015589 (MFAFb11) облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық тәртіптемесіне аударылды.
- "Сентрас Секьюритиз" АҚ "ҚазАгроҚаржы" АҚ-ның KZ2C00015535 (KAFIb16) және KZ2C00015543 (KAFIb17) облигациялары бойынша KASE маркет-мейкер мәртебесіне ие болды.
- "Standard инвестициялық компаниясы" АҚ 21 атаудағы бағалы қағаздар бойынша KASE-де маркет-мейкер мәртебесі берілді.

## ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі 20,5 млн МЕУКАМ KZKD00001228 (MUM096_0014) және 117,0 млн МЕУКАМ KZKD00001186 (MUM180_0015) орналастырды.
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ KZ2C00015824 (BRKZb46) облигацияларын орналастыру арқылы 9,7 млрд теңге тартты.
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00015105 (KFUSb105) облигацияларын орналастыру арқылы 4,5 млрд теңге тартты.
- "Лизинг Групп" АҚ KZ2C00008639 (LZGRb3) облигацияларын орналастыру арқылы 387,3 млн теңге тартты.
- "Лизинг Групп" АҚ KZ2C00008647 (LZGRb4) облигацияларын орналастыру арқылы $1,7 млн тартты.
- "Лизинг Групп" АҚ KZ2C00012193 (LZGRb9) облигацияларын орналастыру арқылы 1,1 млрд теңге тартты.
- "Лизинг Групп" АҚ KZ2C00012854 (LZGRb10) облигацияларын орналастыру арқылы $684 000,0 тартты.
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ KASE-де жазылым арқылы XS3204113354, US48129VAG14 (BRKZE22) бес жылдық халықаралық облигацияларын орналастыра отырып, $31,1 млн тартты.
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ KASE-де жазылым арқылы XS3204113867, US48129VAF31 (BRKZE23) үш жылдық халықаралық облигацияларын орналастыра отырып, 1,0 млрд теңге тартты.
- "Сейф-Ломбард" ЖШС KZ2P00014566 (MFSLb12) екі жылдық облигацияларын орналастыра отырып, 70,0 млн теңге тартты.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ US46627J3023, US46627J2033 (HSBKd) ЖДҚ кері сатып алу бағдарламасы шеңберінде меншікті бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер туралы ақпарат берді.
- Freedom Holding Corp. өз акцияларын The Motley Fool компаниясының Moneyball инвестициялық портфеліне қосу туралы хабарлады.
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ еурооблигациялардың ең ірі шығарылымын теңгемен орналастырды.
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ Вена қор биржасында еурооблигациялардың екі шығарылымын сауда-саттыққа жіберу туралы хабарлады.
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ Moody's Ratings және Fitch Ratings агенттіктері XS3204113354, US48129VAG14 (BRKZe22) және XS3204113867, US48129VAF31 (BRKZe23). еурооблигацияларға рейтингілік баға бергені туралы хабарлады.
- "BCC Invest" АҚ 2025 жылғы шілде-қыркүйек айларында "ЦентрКредит–валюта" ИИПҚ KZPF00000058 (BCCI_cc) пайлары бойынша дивиденд төледі.

| 17.10.2025 | | Трендтер (%) | |
|---|---|---|---|
| KASE Индексі | 7 044,76 | -1,6 | -0,3 |
| Өтімділіктің бірінші сыныбы | Бағасы | Δ 7к | Δ 1а |
| ДЛЯ ПОСТРОЕНИЯ ТАБЛИЦЫ | | | |
| Advanced Micro Devices, Inc. | 233,1 | 5,5 | 46,7 |
| Tesla, Inc. | 438,3 | 3,9 | 4,3 |
| АО "Кселл" | 3 414,4 | 3,6 | 2,2 |
| AT&T Inc. | 26,4 | 2,0 | -9,8 |
| АО "КазТрансОйл" | 869,5 | 1,5 | 5,9 |
| АО "Эйр Астана" | 815,0 | 1,2 | 7,2 |
| АО "Национальная компания "КазМунайГаз" | 22 100,0 | 0,7 | 3,8 |
| АО "Национальная атомная компания "Казатомпром" | 30 240,0 | 0,6 | 8,5 |
| АО "KM GOLD" | 68,0 | 0,2 | 1,1 |
| Bank of America Corporation | 49,4 | 0,1 | -2,4 |
| АО "KEGOC" | 1 484,5 | 0,0 | 2,0 |
| Microsoft Corporation | 512,0 | -0,8 | 0,0 |
| АО "Казахтелеком" | 39 272,0 | -1,1 | -2,3 |
| Freedom Holding Corp. | 170,5 | -1,4 | 0,3 |
| АО "Народный Банк Казахстана" | 358,1 | -1,8 | -4,8 |
| Pfizer Inc. | 24,5 | -2,2 | 2,3 |
| NVIDIA Corp. | 182,9 | -2,2 | 4,3 |
| Apple Inc. | 240,1 | -3,5 | 0,7 |
| АО "ForteBank" | 13,2 | -4,3 | -37,4 |
| АО Kaspi.kz | 41 902,0 | -5,5 | -13,2 |
| PayPal Holdings Inc. | 66,9 | -5,8 | 0,1 |
| АО "Банк ЦентрКредит" | 4 693,0 | -6,5 | -7,7 |
| Intel Corporation | 35,2 | -7,0 | 40,6 |

*Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген*

## KASE Индексінің акциялары




## Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі




Жергілікті қор нарығы аптаны минуспен аяқтады. KASE Индексі 7 044 тармақ белгісіне бекітіліп, 1,6 %-ға төмендеді.

Қазақстан Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені 18 %-ға дейін көтергеннен кейін, 10 қазанда KASE Индексінің қаржы секторының өкілдері аптаны теріс аймақта аяқтады. Ақша-кредит шарттарының қатаңдауы қорландыру құнының өсуіне, кредиттік белсенділіктің баяулауына және банктердің табыстылығы бойынша күтулердің қайта бағалануына алып келді, бұл сектор өкілдерінің көпшілігінің баға белгілеулерін түзетуге түрткі болды.

Kaspi.kz акциялары қазақстандық биржада ғана емес, сонымен қатар NASDAQ-та жаһандық депозитарлық қолхаттар түрінде халықаралық алаңдарда да айтарлықтай төмендегенін көрсетті. Халықаралық конъюнктура компанияның қағаздарына қысымды күшейтті: доллардың нығаюы, американдық облигациялар кірістілігінің өсуі және жаһандық құбылмалылықтың артуы акция бағасының 5,5 %-ға төмендеуіне әкелді.

Сектордың жалпы әлсіреуі аясында Halyk Bank өзінің жаһандық депозитарлық қолхаттарын сатып алу бағдарламасын іске асыруды жалғастырды. 6-10 қазан аралығында банк депозиттік қолхат үшін $26-дан $27-ге дейінгі бағамен жалпы сомасы $2,5 млн болатын 94 мыңға жуық бағалы қағазды кері сатып алды. Дегенмен, Halyk акциялары қаржы секторының жалпы динамикасына сүйене отырып, аптаны 1,8 % төмендеумен аяқтады. ЦентрКредит Банкінің қағаздары да 6 %-ға төмендеді.

Өткен аптада Alatau city bank-тың мажоритарлық акционері және Kaspi.kz тең иесі Вячеслав Ким Kcell акцияларының 14,9 % иелік ететін KC Holding Ltd. компаниясын сатып алғаны белгілі болды. Alatau City Bank арқылы Вячеслав Ким 9,1 % иелік етеді. Осылайша, қазір ол телеком компаниясының 24 % акцияларына иелік етеді. Осыған байланысты Кселл акциялары 3,6 %-ға өсті.

KASE Индексінің телекоммуникация секторының басқа өкілі Қазақтелекомның акциялары бағамен 1 %-ға төмендеді.

Ақша нарығында бір күндік TONIA репосын тарту мөлшерлемесі Апта қорытындысы бойынша жылдық 17,01 %-ға дейін өсті. Бір күндік валюталық своп операцияларының бір аптадағы кірістілігі жылдық 9,66 %-ға дейін төмендеді.

## Инфляция және пайыздық мөлшерлеме




## ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері




## Тәуекелсіз қисық кірістілігі



Қыркүйек айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1,9 %-ға, бір АҚШ доллары үшін 549,07 теңгеге дейін әлсіреді. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда 217 млн АҚШ долларынан 248 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 5,2 млрд АҚШ долларын құрады.

Қыркүйек айында Ұлттық қордан валютаны сату 500 млн АҚШ долларын құрады, бұл республикалық бюджетке трансферттер бөлуді, сондай-ақ "Талдықорған-Үшарал" магистральдық газ құбырын салу жөніндегі инфрақұрылымдық жобаны қаржыландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ұлттық қордың сату үлесі жалпы сауда көлемінің 9,6 %-ға немесе күніне шамамен 24 миллион АҚШ долларын құрады.

Үкіметтің алдын ала болжамды өтінімдері бойынша, күтілетін фискалдық түсімдерді ескере отырып, республикалық бюджетке трансферттер бөлуге қазан айында Ұлттық Банк Ұлттық қордан 600-ден 700 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды күтеді.

Айналау операциялары аясында қыркүйек айында 290 млрд теңге стериллизацияландырылды Сонымен қатар, алтын бағасының айтарлықтай өсуі аясында айна шеңберіндегі өтімділікті алу көлемі алтын сатып алу жөніндегі операцияларға байланысты теңгелік эмиссия көлемінен артта қалып отыр. Ағымдағы жылдың басынан бері жинақталған алынбаған өтімділікті ескере отырып, айналау операциялары шеңберінде IV тоқсан ішінде 1,4 трлн теңге баламалы сомаға шетел валютасын сатуды жүзеге асыру жоспарлануда.

Ұлттық Банк тамыз айында валюталық интервенциялар жүргізген жоқ.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімнің бір бөлігін міндетті сату жөніндегі норма шеңберінде өткен айдың қорытындысы бойынша валюталық түсімді сату көлемі шамамен 378 млн АҚШ долларын құрады.

Бұрын айтылған жоспарға сәйкес, БЖЗҚ валюталық активтерінің үлесі шамамен 40 % құрайтынын ескере отырып, Ұлттық Банк қыркүйек айында зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне АҚШ долларын сатып алуды жүзеге асырмады. Қазан айында валюта сатып алу да жоспарланбаған.

**Шетел валюталарының бағамы динамикасы**

**Δ %, база (01.01.24)**




| | Цена | Δ 7д, % | Δ 30д, % | Δ 2024, % |
|---|---|---|---|---|
| GBPKZT | 720,44 | 0,77 | -1,74 | 24,36 |
| USDKZT | 536,32 | -0,51 | -0,32 | 24,60 |
| EURKZT | 626,90 | 0,51 | -1,61 | 28,51 |
| CNYKZT | 75,27 | -0,55 | -0,46 | 11,44 |
| RUBKZT | 6,60 | -0,45 | 4,14 | 17,68 |

*Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.*

**Brent мұнай құны**

**USD/баррель**



## Халықаралық индекстер

| Атауы | Мәні | Тренд % 7к | 1а | 1ж | Фьючерс 7к |
|---|---|---|---|---|---|
| S&P 500 | 6 664,01 | 1,7 | 1,0 | 14,1 | 1,6 |
| Dow Jones | 46 190,61 | 1,6 | 0,4 | 6,8 | 1,5 |
| РТС | 1 058,51 | 5,4 | -0,9 | 18,1 | |
| ММВБ | 2 721,14 | 5,1 | -3,3 | -1,5 | |
| Hang Seng | 25 247,10 | -4,0 | -6,2 | 25,7 | -4,0 |
| SS CSI 300 | 4 514,23 | -2,2 | -0,8 | 19,2 | -2,4 |
| Euro Stoxx 50 | 5 607,39 | 1,4 | 4,4 | 13,3 | 1,3 |
| FTSEuroFirst | 6 262,50 | 0,6 | 3,7 | 11,5 | 0,6 |
| FTSE 100 | 9 354,57 | -0,8 | 1,6 | 11,6 | -0,8 |
| KASE | 7 044,76 | -1,6 | -0,3 | 36,8 | |

## Шикізат нарығы 17.10.2025

| Атауы | Бағасы | Тренд % 7к | 1а | 1ж |
|---|---|---|---|---|
| Мұнай (Brent) | 61,29 | -2,3 | -9,8 | -17,7 |
| Мұнай (WTI) | 57,54 | -2,3 | -10,2 | -18,6 |
| Табиғи газ | 3,01 | -3,2 | -3,0 | 28,2 |
| Мыс | 496,95 | 1,5 | 8,7 | 14,9 |
| Темір | 806,00 | -1,2 | -1,7 | 4,7 |
| Алтын | 4 251,82 | 5,8 | 16,2 | 57,9 |
| Күміс | 50,10 | 6,0 | 20,1 | 57,7 |
| Астық | 503,75 | 1,1 | -4,6 | -14,5 |

## Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

| | Экономикалық уақиғалар күнтізбесі | Валюта | Болжам | Алдыңғы |
|---|---|---|---|---|
| 22.10 | Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (қырк.) | GBP | 4,0% | 3,8% |
| 23.10 | Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны | USD | 223K | 218K |
| 24.10 | Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (қазан) | USD | | 17,00% |
| 24.10 | Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (қырк.) | USD | 3,1% | 2,9% |
| 24.10 | Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (қаз.) | USD | 51,9 | 52,0 |
| 24.10 | Қызмет көрсету секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (қаз.) | USD | 53,5 | 54,2 |
| 24.10 | Жаңа тұрғын үй сату (қырк.) | USD | | 800K |

*Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды*

**B – миллиард**
**M – миллион**
**K – мың**

## Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

| Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы | Мәні | Күні | Алдыңғы ай |
|---|---|---|---|
| Жылдық инфляция | 12,9% | 01.10.25 | 12,2% |
| ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD | 57,7 | 01.10.25 | 54,3 |
| Ақша базасы, млрд KZT | 14 344,2 | 01.10.25 | 15 067,9 |
| Ақша масса, млрд KZT | 48 139,4 | 01.10.25 | 47 618,4 |

## Қазақстанның несие рейтингі

| Қазақстанның несие рейтингі | Рейтинг | Күні | Алдыңғы |
|---|---|---|---|
| S&P Global | BBB-/A-3 позитивті | 23.08.25 | BBB-/A-3 тұрақты |
| Moody's | Baa1/тұрақты | 09.09.24 | Baa2/позитивті |
| FitchRatings | BBB/тұрақты | 15.07.25 | BBB/тұрақты |

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

**Мекенжайы:** Қазақстан Республикасы,
A15G7M6, Алматы қ., Байзақов көшесі, 280-үй,
Almaty Towers көпфункционалды кешенінің
солтүстік мұнарасы, 8-қабат

**Тел.:** +7 (727) 237 53 23
+7 (727) 237 53 28




FAQ

Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.
KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.
Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.

© "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2025